Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Кожамбеков Даулет Рысбековичтің, 6D030100 -«Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» - тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, профессор У.А.Ахатовтың

ПІКІРІ

PhD докторант Кожамбеков Даулет Рысбековичтің «**Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтын негіздері**»-тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде дін саласын құқықтық реттеуі өте маңызды сала.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттары мен Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі кешенді жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

«8D042 (6D030100) – Құқықтану» кадрларды даярлау бағыты бойынша ізденуші Кожамбеков Даулет Рысбековичтің ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы талаптарға сәйкес келеді.

PhD докторант Кожамбеков Даулет Рысбековичтің диссертациялық зерттеу жұмысы мемлекет пен дін арақатынасын реттейтін өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасы зайырлылылық қағидаттарына сәйкес мемлекеттің дін саласын құқықтық реттеуде маңызға ие.

«Зайырлылық қағидаты» азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығын қорғау, діни бірлестіктердің заң алдында теңдігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыс заң ғылымына елеулі үлесін қосады. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы ашылған. Өзі жазу деңгейі жоғары сапалы.

Ішкі бірлік принципі сақталған: диссертация жұмысының өзектілігі негізделген; диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды; мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан.

Ғылыми жаңашылдық принципіне келетін болсақ: Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа; Диссертацияның қорытындылары жаңа; автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сыни талдау арқылы бағаланған.

Ғылыми жаңашылдық принципі: Ғылыми нәтижелер, ережелер және қорытындылар жаңа.

Зерттеу әдіснамасы нақты жазылған. Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу арқылы алынған.

Докторант алған теориялық білімін тәжірибеде қолдана отырып, жеке зерттеу жұмысында, сондай-ақ фактілер мен мән жайларды ойлау, талқылау, заңды түрде дұрыс құқықтық талдау қабілетін қалыптастырғандығын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының конституциялық-құқықтық негіздерін зерттеу үшін тәуелсіздік жылдарында қоғамның мемлекет пен дін арақатынасы саласында туындап жатқан құбылыстар, өзгерістер, мәселелер ерекшелігін жан-жақты, мұқият ғылыми тұрғыда зерттеген.

Диссертациялық жұмыста алыс шетел, жақын шетел және отандық білікті заң ғылымы саласы ғалымдарының зерттеу жұмыстары, ғылыми еңбектері кеңінен зерттелді. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет жағдайында мемлекет пен діннің құқықтық қатынас шегі мен өзара әрекет ету мүмкіндіктері, құқықтық қатынастарға қатысушы субъектілердің зайырлылық қағидасын сақтауы мен жүзеге асыруына қатысты мәселелері қарастырылды.

Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспеден, үш тараулы негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қорытынды: «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтын негіздері» - тақырыбындағы диссертациялық жұмысы белгіленген талаптарға сәйкес келеді және ҚазҰУ-нің диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынылады.

Д.Р. Кожамбеков 6D030100 -«Құқықтану» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайықты.

Пікір беруші:
Ғылыми жетекші,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Заң факультетінің деканы
з.ғ.к., профессор **У.А. Ахатов**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ имл. аль-Фараби
«08» 06 2021 ж./г.

«ЖШС «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY 1934
БИН 990140001154

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Кожамбеков Даулет Рысбековичтің, 6D030100 -«Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» - тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, PhD профессор А.К. Жанибековтің

ПІКІРІ

PhD докторант Кожамбеков Даулет Рысбековичтің **«Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтын негіздері»**-тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Көпконфессиялы Қазақстан Республикасы үшін мемлекетіміздің дін саласын құқықтық реттеуі үшін зайырлылық қағидаты өте маңызды.

Қазіргі заманда зайырлылық ұстаны мемлекет пен дін арақатынасының құқықтық реттелуін, азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығына кепілдік беріп, қоғамда діни алауыздық пен дінаралық қақтығыстардың алдын алуды, зайырлылық құндылықтарын ілгерілетуге ықпал ететіндігімен маңызды.

Диссертация жұмысында тақырыптың мазмұнына сәйкес жоспар жасалынған. Тақырыптың кіріспесінде оның өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, мақсаттары мен міндеттері, объектілері мен зерттеу әдістері көрсетілген. Зерттеліп жатқан тақырыптың өзектілігі ретінде Қазақстан Республикасының дін саласындағы құқықтық саясатын іске асыру мақсатында мемлекеттің зайырлылық қағидаларын нығайту үшін ғылыми негізделген ресми көзқарастар жүйесін қалыптастыруда маңызды санайды. Сонымен қатар зайырлы мемлекеттің Қазақстандық үлгісін қалыптастыруда ерекше маңызға ие ғылыми еңбек. Ғылыми еңбектің басым бағыттары зайырлы мемлекеттің теориялық тұжырымдамасы, зайырлы мемлекет ұғымының құқықтық табиғаты мен белгілері, зайырлы мемлекет мәселелерін зерттеудің отанық заң ғылымы тұрғысынан алғышарттарын жасаған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен жаңалығы зайырлы мемлекеттің Қазақстандық үлгісін жасауды көздейді. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер орындау көзделген. Олар: зайырлы, зайырлылық, зайырлы мемлекет ұғымдарына қатысты ғылыми еңбектерді талдап, конституциялық-құқықтық зерттеу жүргізу. Зайырлы мемлекеттің құқықтық анықтамасын мен тұжырымдамасын жасау.

Диссертация жұмысында алынған теориялық білім ғылыми зерттеуде жүйелі түрде қолданылған. Тақырып аясында әдебиет көздері, нормативтік - құқықтық актілер, статистикалық мәліметтер пайдаланылған, бұл өзінің логикалық мазмұнымен дұрыс тұжырымдалған зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады.

Докторант алған білімін тәжірибеде өзіндік жұмыс ретінде қолдана отырып, жеке зерттеу жұмысында, сондай-ақ фактілер мен мән жайларды ойлау, талқылау, заңды түрде дұрыс талдау қабілетін қалыптастырғандығын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының конституциялық-құқықтық негіздерін зерттеу үшін тәуелсіздік жылдарында қоғамның мемлекет пен дін арақатынасы саласында туындап жатқан құбылыстар, өзгерістер, мәселелер ерекшелігін жан-жақты, мұқият заң ғылымы тұрғысынан тыңғылықты зерттеген.

Диссертациялық жұмыста отандық және шет елдік білікті заң ғылымы саласы ғалымдарының ғылыми еңбектері кеңінен зерттелді. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет жағдайында мемлекет пен діннің құқықтық қатынас шегі мен өзара әрекет ету мүмкіндіктері, құқықтық қатынастарға қатысушы субъектілердің зайырлылық қағидасын сақтауы мен жүзеге асыруына қатысты мәселелері қарастырылды. Әсіресе Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормаларға жіті тоқталған. Зайырлылық қағидатының маңыздылығын түсіндіре білген.

Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспеден, үш тараулы негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қорытынды: «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтын негіздері» - тақырыбындағы диссертациялық жұмысы белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес келеді және Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынылады.

Д.Р. Кожамбеков 6D030100 -«Құқықтану» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайықты.

Пікір беруші:
Ғылыми жетекші,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті
Ректор аппаратының басшысы
PhD профессор **А.К. Жанибеков**